| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 96 | Мың бір түн (Жеті томдық ертегі, аңыз, әңгімелер) 6-том | Көркем әдебиет, көсемсөздер | 336 бет. к.м. | 16.03.2020 | Араб, парсы, түрік тіліндегі басылымдарды негізге ала отырып аударған – ҚАЛМАҚАН ӘБДІҚАДЫРОВ<br>Шаһаризаданың саналы ертегілерінің күні бүгінге дейін құпиялары ашылмау себебін 1001 санының өлшеу-сіз де шексіз жоғары математикалық мәнінде жатуында деп саяды. Ал адам баласының биік санасынан туын-дайтын көркемсөздің де құдіреті «Мың бір түн» шығар-масының өн бойынан анық сезіледі.<br>Ақылға, парасатқа, даналыққа, мейірім мен ізгілікке суарылған құдіреті көркемсөз ғана қатыгездікке де, зұлымдыққа да, ашкөздікке де, қараулыққа да қарсы тұрып, әсерлі шығатынын осы бөленбай ғасырлық тарихы бар шығарма дәлелдеп берді.<br>Ғасырдан ғасырға өтіп, адам баласының қолынан түспей, құмарлықпен оқылып, ойландырып-толғанды-рып, тәрбиелеп келе жатқан қасиетті де құдіретті кітап жас ұрпақтың да сүйікті жәдігеріне айналаты-нына шүбә жоқ. |  |
| 97 | Мың бір түн (Жеті томдық ертегі, аңыз, әңгімелер) 7-том | Көркем әдебиет, көсемсөздер | 344 бет. к.м. | 16.03.2020 | Араб, парсы, түрік тіліндегі басылымдарды негізге ала отырып аударған – ҚАЛМАҚАН ӘБДІҚАДЫРОВ<br>Шаһаризаданың саналы ертегілерінің күні бүгінге дейін құпиялары ашылмау себебін 1001 санының өлшеу-сіз де шексіз жоғары математикалық мәнінде жатуында деп саяды. Ал адам баласының биік санасынан туын-дайтын көркемсөздің де құдіреті «Мың бір түн» шығар-масының өн бойынан анық сезіледі.<br>Ақылға, парасатқа, даналыққа, мейірім мен ізгілікке суарылған құдіреті көркемсөз ғана қатыгездікке де, зұлымдыққа да, ашкөздікке де, қараулыққа да қарсы тұрып, әсерлі шығатынын осы бөленбай ғасырлық тарихы бар шығарма дәлелдеп берді.<br>Ғасырдан ғасырға өтіп, адам баласының қолынан түспей, құмарлықпен оқылып, ойландырып-толғанды-рып, тәрбиелеп келе жатқан қасиетті де құдіретті кітап жас ұрпақтың да сүйікті жәдігеріне айналаты-нына шүбә жоқ. |  |
| 98 | Міржақып Дулатов "Бақытсыз Жамал"романы, Өлеңдер, Әңгімелер, Мақалалар және Алаш қайраткерінің өмірі мен шығармалары туралы зерттеулер | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 288 бет. к/м | 29.06.2021 | «Жасөспірімдер кітапханасы» сериясымен шыққан бұл жи--нақ-қа қоғам қайраткері, ақын, жазушы, қуғын-сүргін құрбаны Міржақып Дулатұлының шығармалары еніп отыр Жазушы жабулы жүйрік ат мініп, жамбы ілген, най-за-сына жауды ілген жалпақ жауырын қазақ-қырғыз хақынан да сыр шертеді. Қаламгер – талайдан өлі жатқан өңірді, қапы қапқан көңілді қаламынан қалыс қалдырмаған. Ол сол кезгі ел ішінің енжарлы-ғы, сауатының аздығы, қазақ қызының қызыл үкі бөркінен бұлт үйіріліп кетпегендігі еді. Әсіресе, Ресей империясының отарлық саясаты, т.б. |  |
| 99 | Нодар Думбадзе **"Алғашқы махаббат"** әңгімелер жинағы/аударған Айман Мұқышева | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 80 бет. ж/м | 14.03.2025 | Нодар Думбадзе – әйгілі грузин жазушысы, оның «Қан», «Ит», «Хазарула», «Алғашқы махаббат» (Мен, әже, Илико және Илларион) сияқты әңгімелері мен романдары орта және жоғары мектеп жасындағы балаларға өте ыңғайлы. Шығармашылығы терең лиризмді, жақсы юморды, адамға деген сенім мен драманы біріктіріп, өсу, достық, туған жерге деген сүйіспеншілік, әділеттілік тақырыптарын зерттейді. |  |
| 100 | **Николай Гоголь "Ревизор, Үйлену" пьеса / аударған Мұхтар Әуезов, Фатих Дінисламов** | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 224 бет. к/м | 02.07.2024 | Ревизор, Үйлену: пьеса / аударған Мұхтар Әуезов, Фатих Дінисламов |  |
| 101 | Оралхан Бөкей "Ауыл хикаялары" – "Тортай мінер Ақ боз ат", "Бастау", "Апамның астауы", "Құмар қол бұлғапты", "Тоқадан қалған тұяқ, Күлпәштің ұршығы", "Құлашаның шоты еді" "Қасқыр ұлыған түнде" әңгімелері | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 112 бет. ж/м | 26.06.2019 | Оралхан Бөкейдің «Ауыл хикаялары» деп аталатын әңгімелер топтамасы өмірдің өзінен бұзбай алынған мөлтектігімен, жан тазалығымен, шыншылдыққа қылдай қиянаты жоқ әділдігімен оқырманды баурап алады. Оралхан Бөкей романтик суреткер, бірақ оның өмірге сүйіспеншілікпен өрілетін тұңғиық романтизмі реализмге қиғаш келмейтін тектілігімен қымбат, қызыл сөздің шылауында адасып кетушіліктен аулақ мағына-мазмұндылығымен құнды. |  |
| | Оралхан Бөкей "Жетім бота", "Қар қызы", "Мұзтау" повестері және Жазушының оқырманмен сырласу эссесі. | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 432 бет. к/м | 10.06.2019 | Әдебиет туралы әңгіме қозғалмас бұрын, сол «әдебиет» деп аталар әлемнің болмысын, табиға-тын, тіпті тегі мен түрін танып алу, не болмаса, бүкіл сыр-сипатына қанығып, конспектілей жазып, толайым теориясын жаттап, көрінгенге қақсап айта беру аз-дық етер еді. Әдебиет, жалпы өнер атау-лының қай-сыбірі де өте кірпияз, жылқы мінезді жатыр-қағыш қана емес, сонымен қатар киелі; оның (әдебиетті айтамын) киелілігі сонда, яғни мынада – кез келген кезбе-нің, көлденең өтер көк атты – көп аттының немесе ат-байлары немесе шапқылап кірер қорасы, немесе сарсып ішер құдығы, сарқып ішер сусыны еместігінде... |  |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 103 | Оралхан Бөкей "Атау-кере", "Құм мінезі" повестер | Көркем әдебиет, көсемсөздер | 360 бет. к/м | 24.10.2019 | «Табиғат жаратқан алқам-салқам болмайды, ол – әмісе әдемі, әмісе сүймейді, әрі шыншыл, әрі ақылды, сондықтан да адамдар секілді қа-те-леспейді. Табиғат – мәңгілік тірі, өтірік айтпауды, ал-дап-ар-бамауды табиғаттан үйрену керек, өйткені ОНЫҢ (табиғаттың) жүрегі таза. Табиғат бізді алдаған емес, тек өзі-мізді өзіміз ғана қан қақсатамыз, қан жоса қыла-мыз. Табиғат қате жібермейді, егер «ақымақты» дүниеге кел-тірсе, онда сол ақымақтың да бір нәрсеге қажет бол-ғаны; Табиғатта АДАМНАН басқа артық нәсте жоқ, тек БІЗДЕР ғана жаратушының гармониялық берік байла-ныстағы тізбегіне кіре алмаймыз...» |  |
| 104 | Оралхан Бөкей "Әліара", "Сайтан көпір", "Қайдасың, қасқа құлыным" повестер | Көркем әдебиет, көсемсөздер | 296 бет. к/м | 21.10.2019 | ... «Әкем қайда?» – дегенде ғана сасқалақтайын деген. Күн шыға: қосағын мәңгі жоғалтып алғанына, тек қойнындағы алданышпен ғана өзін-өзі алдап ғұмыр кешетініне, енді қой қайырған Қойшының қоңыр дау-сын ес-тімейтініне, енді қайтып ызыңдап құлақ етін жер көмпіс күйеу табылмайтынына, енді бұдан былай тіпті де... тіпті де... еш еркек шын көңіл, адал ниет, ақ тілекпен алқымынан иіскемейтініне, енді қай-тып жалғанда жаны Қойшыдай темір, қайсар да қайғылы жан жолдас таба алмай-тынына, енді бес бала мәңгілікке әкесін іздеп өтетініне, енді қай-тып ол екеуі тобылғы шайды қарама-қарсы отырып сораптап, ұзақ іше алмай, ішкені – ірің, жегені – желім болатынына, енді алты баланы кәме-летке келтіріп, жеткізгенше асырап-сақтау талша мойнына түсеріне, енді бұдан былай мұны көрген байы тірі қатындар қырындап, табалап өтеріне, енді жалғыздықтың, тірі жесірліктің зарын тар-тып, иттен қадірсіз болған күйеуін енді ғана... енді ғана жатса-тұрса қаза қылмай есіне алып, ағыл-тегіл жыларын түсінген – әттең, кеш түсінген Әйел, әмсе көзі жетіп, иллаһи иланған Әйел ботадай боз-дады, ұдайы үш күн боздады, амал не, Қойшы-дан хабар-ошар болмады, ізім-қайым жоғалды... Үш-ақ күнде өзгеріп салған Әйел қатындық қарызын орындап, дауыс қы-лып болған соң, өз-өзіне келіп есін жиды... |  |
| 105 | Өтебай Қанахин "Қарт сарбаз хикаясы" роман | Көркем әдебиет, көсемсөздер | 336 бет. к/м | 20.04.2021 | «Қарт сарбаз хикаясы»романы 1916 жылғы оқиғалар және қанды көтерілістің шынайы шежіресі. Мұрағаттарда сақталған нақты, тарихи деректерге құрылған. Халық тағдырына қатысты қаншама толғамы бар көркем туынды. |  |
| 106 | Пушкин Александр Сергеевич. Капитанская дочка (қазақ мектебінде оқитын оқушыларға орыс тілін меңгеруге арналған қосымша көркем әдебиет) | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 320 бет. к/м | 13.10.2016 | Қазақ мектебінде оқитын оқушыларға орыс тілін меңгеруге арналған қосымша көркем әдебиет.<br>Кітап соңында орысша-қазақша сөздік берілген. |  |
| 107 | Пушкин Александр Сергеевич. Повести покойного Ивана Петровича Белкина (қазақ мектебінде оқитын оқушыларға орыс тілін меңгеруге арналған қосымша көркем әдебиет) | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 256 бет. к/м | 12.10.2016 | Қазақ мектебінде оқитын оқушыларға орыс тілін меңгеруге арналған қосымша көркем әдебиет.<br>Кітап соңында орысша-қазақша сөздік берілген. |  |
| 108 | Рақымжан Отарбаев “Дауысыңды естідім“ | Проза | 240 бет к/м. | 09.12.2008 | Қазақтың талантты жазушы-драматургі Рахымжан Отарбаевтың бұл жинағына соңғы жылдары жазған әңгімелері мен хикаяттары еніп отыр. Тарихи һәм замани шығармаларының философиялық астары мен сан алуан кейіпкер тағдыры оқырманың терең ойға жетелейді. |  |
| | Рақымжан Отарбаев .“ Шер“ | Проза | 432 бет к/м. | 14.01.2005 | Республика оқырмандарына кеңінен танымал қаламгер Рақымжан Отарбаевтың "Шер" кітабы "Тарих беттері", "Қырғыз дәптері", "Көңіл кептері"және "Пьесалар "деген төрт тараудан тұрады.<br>"Тарих беттері" тарауында Меккеде Құнанбай салдырған үй, Жәңгір хан, Мұхамбет-Салық Бабажановтың тағдырларын толғана сөз етсе, "Қырғыз дәптерінде " Мұхтар Әуезов жайлы тың деректерін, "Көңіл кептерінде" Д.Қонаевтың асыл қасиеттерін паш етеді.<br>Ал "Пьесаларына " "Бейбарыс сұлтан ", "Абай сот ", "Жәңгір хан "т.б. топтастырылған.<br>Жазушының тілі орамды, ойы терең, кітап әдебиет, өнер сүйер қауымға арналған. |  |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 111 | Сабырхан Асанов "Қошақаным қайда екен" /балдырғандарға арналаған өлеңдер мен әндер жинағы/ | БАЛАЛАР ӘЛЕМІ | 128 бет ж/м | 15.02.2022 | Балдырғандарға арналаған өлеңдер мен әндер жинағы нотасымен берілген. |  |
| 112 | Сабырхан Асанов "Бақытымды жырлаймын" Таңдамалы өдеңдер, әндер, аудармалар | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 320 бет. к/м | 15.03.2022 | Сабырхан Асановтың «Бақытымды жырлаймын» кітабы жасөспірімдер мен жастарға арналған. Ақынның сылдырап аққан дала бұлағындай майда, назды, нәзік жырлары жастарды Отанын сүюге, махаббатқа, жақсылыққа, жарқын өмірге, құштарлыққа жетектейді. |  |
| 113 | Сағи Жиенбаев Таңдамалы шығармалары және Ақынның өмірі мен шығармалары туралы зерттеулер | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 320 бет. к/м | 24.10.2014 | Сағи Жиенбаев жырлаған тақырып мейлінше кең. Қазақ аталатын ұлы халықтың ұлттық қасиеттері мен бүгінге дейін бастан кешкен қасіреттерін ол өзіндік өрнекпен, мөлтек сюжетке құрып, мөлдіретіп бере білді. Ол жырлар ішінде бейкүнә балалық ақын шығармашылығының алтын өзегі секілді арна тартып жатады. Ақын адалдық, азаматтық, кісі-лік, тазалық ұғымдарының қай-қайсысын да балалық бейне-сінде береді. Өзіңмен сырласып, өзіңмен мұңдасып сөйлер ол жырлар бізді пендешіліктен тазартып періштелікке жетелейді. Ондай сәттері ақын да сезім құбылыс-құйылыстарын ойна-қыландыра, қызындыра, қыздыра жырлай келіп «…жас сәби қаз тұрғанда, Бар дүние кетті ғой сәби болып» – деп аяқтап жатады. Ақын үшін Жер-дүниеде әділдік болуы үшін бәріміздің, әрбіріміздің сәбилік сезіміміз өліп қалмауы керек. Сәбилік сезім ақын үшін кісілік кредосы! Ақын жыры бізді баурайды. Міне, осылай ақын өз оқырманын адалдыққа баулиды.<br>Үлкен, кіші деп жатар не бар, шыншыл жыр, сыршыл жыр – балғын бөбектерден бастап өлең сүйер өрендердің қай-қайсысын да бейтарап қалдырмайды, елітеді, ерітеді, тербейді, тебірентеді. |  |
| 114 | Сайымжан Еркебаев "Жел өті" романы. Романның басты арқауы – мұнайшылардың, Маңғыстау өңірінің тыныс-тіршілігі. Кейіпкелердің тосын қайшылықтарға, қақтығыстарға ұшырауы, күрделі шиеліністерге кездесуі, табандылықтары, адам бойындағы жақсылық пен жамндық шебер өрнектеледі. | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 384 бет к/м | 15.01.2024 | Жазушының сүйекті шығармаларының бірі «Жел өті»<br>романы 1988 жылдары жазылып, кітап болып басылып шықты.<br>Романның басты арқауы – мұнайшылардың, Маңғыстау өңірінің тыныс-тіршілігі. Онда мұнайшылардың өткендегі және бүгінгі өмірлері мен келешектегі көкейкесті мәселелері шебер тілмен қамтылған. Кейіпкерлердің тосын қайшылықтарға, қақтығыстарға ұшырауы, күрделі шиеленістерге кездесуі, ескі мен жаңаның арасындағы тартыстар, дүрбелеңдер шығарманың әлеуметтік мақсатын шеше түскен, өрнекті өрілген. |  |
| 115 | Сайын Мұратбекұлы "Кәментоғайдың бұтақтары" | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 192 бет к/м | 30.01.2026 | Жазушының алғашқы әңгімелерінен бастап бүгінгі жазғандарына дейін үміт отындай маздап үзілмей келе жатқан жібек орамалдың жанға жайлы желпігеніне ұқсас жылы бір нәрсе бар. Бәлкім, Сайын әңгімелерінің сыры да, сыны да осында шығар. Ол жазушы творчествосындағы таңғы шықтай таза да, мөлтілдеген мөлдір сезім шынайылығы, осыдан келіп туындайтын табиғилықтың адам жанының нәзік пернелерін тап басуы дер едік. Былайша айтқанда, Сайын әңгімелеріндегі психологиялық лиризм, яғни қобыздың қоңыр үніндей жанға жайлы лирикалық сыршылдық, психологиялық терендік көңілге еріксіз қонтақтап қалып отырады...<br>Сағат Әшімбаев |  |
| 116 | Сайын Мұратбекұлы "Жабайы алма" повесі | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 448 бет к/м | 09.04.2019 | «Жабайы алма» повесінде Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарындағы ауыл өмірі нанымды суреттеледі. Ба-ла-лардың, әйелдердің сол кездегі еңбегі, ой, қиял-арманы ешкімді де жайбарақат қалдырмайды. Қа-жыр-лы еңбек, адалдық пен адамгершілік, пәк махаббат өзін-дік көркемдік шешімін тапқан.<br>Повестің түйіні жаманнан жиренуге, жақсыны үйренуге үндейді. Барлық шығармадағы лиризм оқыр-манды баурап отырады. |  |
| 117 | Сайын Мұратбекұлы "Жусан иісі" (әңгіме) | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 64 бет ж/м | 08.02.2019 | Қазақ халқы 1941-1945 жылдары болған соғыстың үлкен зардабын тартты. Ер азаматтар соғыстан апат болып оралмаса, ауылда қалған елге де оңайға соқпады. Тылдағы бала-шаға мен қарттарымыз жетімдіктің, жоқшылықтың ауыртпалығын көп көрді. Жазушы Сайын Мұратбекұлының шығармаларының көбі соғыс әкелген тағдырдың тәлкегіне түскен ауыл адамдарының өмірі жайлы. «Жусан иісі» деп аталатын әңгімесі 10-11 жастар шамасындағы баладан бастап ересек оқырмандардың ешкімін бей-жай қалдырмайды. Соғыстың қасіретін шеккен жас жеткіншек Аянның азғана өмірінде көрмейтін қорлығы болмайды. Бірақ ол соның бәрін қайыспай көтереді. Алдағы өмірден бір нәзік үміт, ақсылық күтуден жалықпайды... Жазушы оқырманына қазаққа тән төзімділік пен қайсарлық-ты, ақыл мен адамгершілікті Аян арқылы жеткізсе, кез келгені-мізді ерекше сезімге бөлейтін жусан иісін сағыныш нышанына айналдырған. |  |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 118 | **Сара Мыңжасарова "Өмір көріністері" деректі повесть** | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | **240 бет к/м** | 13.02.2024 | Бұл деректі повесінде тағдырмен күресіп емес, онымен бірге шыңдалған автордың өмірі мен болмысы айқын бейнеленеді. Күйкі тірліктің күрмеуі көп түйінін тарқатып қана коймай, рухани биікке көтерілуге деген қазақ қызының ынта-жігері тәнті етеді. «Көптің бірі», «Кермек жылдар», «Қарымтасыз өткен өмір» атты үш тараудан тұратын кітаптың соңында автор: «Төрімнен көрім жақын қалған кезде бұл повесті аналық ақ тілеумен аяқтағым келеді» деп, оқырманымен іштей қоштасады. Рухани әлемі жұтамаған, ертеңге деген сенімі ортаймаған қаламгер — өз өмірі арқылы осы еңбегінде бір дәуірдің үнін жеткізеді. Кітапты оқи отырып ауыл қызының тал шыбықтай иілгіш жастық шағынан ел жүгін емендей беріктікпен көтерген қайраткерлік қырына қанығасың. |  |
| 120 | **Сара Мыңжасарова "Әйел бақыты" роман** | Көркем әдебиет, көсемсөздер | **384 бет к/м** | 21.02.2024 | Бұл романда жазушы қазақ қыздарының басынан өткен ауыр жайттарды жазады. Романның негізгі идеясы 1917 жылға дейін қазақ әйелінің теңсіздікке ұшырап, мұң-мехнатқа толы ғұмырын арқалап, қиындыққа мойымай, қасқайып қарсы тұруы. Сара Мыңжасарованың прозасы – қазақ қоғамындағы әйелдің ішкі әлеміне үңілген, олардың жан дауысын, арман-үмітін, тағдыр талқысын терең бейнелеген ерекше көркем әлем. Оның кейіпкерлері – өмірден алынған, шынайы, мінезі толық сомдалған, күрделі характерлер. Жазушы әйел бейнесін тек нәзіктік пен сезім аясында ғана емес, қоғамдағы орны, еркіндігі, еңбекке адалдығы, рухани биігі тұрғысынан көрсетеді. Оның кейіпкерлері тағдырдың сынына мойымай, ауыртпалықты еңсеріп, өмірден өз орнын табуға ұмтылған өр рухты жандар. |  |
| 121 | Сәбит Мұқанов "Балуан Шолақ" роман, "Бақташының баласы" повесі, әңгімелері және Жазушының өмірі мен шығармалары туралы зерттеулер | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 448 бет. к/м | 19.02.2020 | Сәбит Мұқановтың бұл кітабына жазушының «Балуан Шо-лақ» романы мен «Бақташының баласы» повесі және бірқа-тар әңгімелері енгізіліп отыр.<br>Шығарма негізіне күрес, тартыс жолдарының баяндалуын-да қазақ өмірінің өзіне ғана тән суреттерінің молдығы, қаһар-ман-дар арасындағы тартыстың желісі «Балуан Шолақты» қазақ әдебиетінің елеулі туындылары қатарына қосады. Қуғыннан қашып құтылмақ болған Нұрмағанбет – Балуан Шолақ әрекеті осыған дәлел. Қазақ әдебиетінде роман жанрын жетілдіріп, қалыптастыруда С.Мұқановтың еңбегі үлкен. Әңгімелеріндегі оқиғалардың өмір шындығынан алынуы шы-ғарманың тәрбиелік мәнін арттырады. Ауылды кеңестендіру, байлардың жерін, мал-мүлкін кәмпескелеу, ескі идеологияны таратушылармен күрес, әйел теңдігі үшін үгіт, елді оқуға, білімге шақыру сияқты сан түрлі тақырып – оның әр жанрда-ғы шығармаларында көрініс береді. |  |
| 122 | Сәбит Мұқанов "Өмір мектебі" роман, 1-кітап | Көркем әдебиет, көсемсөздер | 520 бет. к/м | 10.01.2022 | 1900 жылы туған Сәбит Мұқанов ХХ ғасырмен түйдей құрдас. Бірақ ол мұны мойындаған жоқ. Өйткені оған құрдас қана емес, өзімен етене сырлас әрі мұңдас дәуір керек еді. Бұл адам ондай заманды алдан күтті. Сарыла, зарыға күтті: онысы Қазан революциясы болатын. Ақыры, сол күткен күн де келіп жетті. Сөйтіп, Сәбит Мұқанов үшін жаңа ғасыр 1917 жылдың күзінен басталды... |  |
| 12 | Сәбит Мұқанов "Өмір мектебі" роман, 2-кітап | Көркем әдебиет, көсемсөздер | 560 бет. к/м | 10.01.2022 | Қазан төңкерісінен кейінгі дәуірді бұл адам өзімнің төл заманым деп ұқты. Бұдан бұлай ол өз заманымен бірге адымдады, аттай елу алты жыл өз заманынан жұбын жазбады, оның қайғысымен қайғырды, қуанышымен қуанды. Ол қателессе, бұл да қателесті, ол сүрінсе, бұл да сүрінді, ол жығылса, бұл да жығылды, ол тұрса, бұл да тұрды, ол ілгері жүрсе, бұл да ілгері жүрді... |  |
| 124 | Сәбит Мұқанов "Өмір мектебі" роман, 3-кітап | Көркем әдебиет, көсемсөздер | 512 бет. к/м | 10.01.2022 | Бұл адам кейде өз заманының қаһарына ұшырап, құрбаны да бола жаздады. Заманының асау толқындары кейде оны да басып-жаншып қалған тұстары болды. Бірақ бұл адам толқынның жалына жармасып, бетіне жүзіп шыға берді. Осының өзін күрес, өмір сүрудің заңы деп ұқты.<br>«Әркімді заман сүйремек,<br>Заманды қай жан билемек?» – деген Абай сөзін өз өмірінің әрі сұрақты, әрі тұрақты ережесі деп білді. Сөйтіп, бұл адам біржола өз заманының ұлына, өз дәуірінің үніне айналд |  |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 125 | Сәбит Мұқанов "Халық мұрасы." Тарихи-этнографиялық шолу | Мектеп, Колледж және Жоғарғы оқу орындарына арналған оқу құралдары мен әдебиеттер | 368 бет. к/м | 01.06.2017 | Сәбит Мұқановтың «Халық мұрасы» деген тарихи-этно-графиялық шолуы бес бөлімнен құралған. Кітапта естеліктер, халық аңыздары, шежіре, төңкерiске дейiнгi қазақтардың ша-руашылығы мен тұрмысы, мәдени, әдеби мұралары туралы автордың өзі айтқандай «ой толғаулары» берілген.<br>1974 жылы шыққан кітап 1995 жылғы басылыммен то-лықтырылып ұсынылып отыр. |  |
| 126 | Сәкен Сейфуллин "Тар жол, тайғақ кешу" роман-эссе және Жазушының өмірі мен шығармалары туралы зерттеулер | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 544 бет. к/м | 29.06.2022 | «Жасөспірімдер кітапханасының» кітап сөресінде Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы. Тас түйін тарпаң мінез тарлан тарихтың тақтатасында тағы-лым із қалдырған, талай тартыс-сын тудырған «Тар жол, тайғақ кешу» – Кеңес өкіметін орнату жолындағы күрзі етік күрескер ерлер мен еңбекші елдің елең-алаң өмірін өзек етеді. «Тар жол, тайғақ кешу» – еркіндік аңсап ерте тұрған ер-азаматтардың тағдыр тауқыметін тайға таңба басқандай бедерлі күйде суреттейді. «Тар жол, тайғақ кешу» – ел өмірін революциялық таным тұрғысынан сипаттаған шығарма. |  |
| 127 | Сұлтанмахмұт Торайғыров "Қамар сұлу", "Кім жазықты" романдары, "Адасқан өмір", "Айтыс" оэмалары мен Өлеңдерінің толық жинағы және Ақынның өмірі мен шығармалары туралы зерттеулер, өлеңдері туралы түсініктер. | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 488 бет. к/м | 28.01.2022 | Бұл жинаққа Сұлтанмахмұт Торайғыровтың (1893-1920) шығармалары – «Қамар сұлу», «Кім жазықты?» романдары мен «Адасқан өмір», «Айтыс» поэмалары, өлеңдері және ақынның өмірі мен шығармасын зерттеген қосымша әдеби және әдістеме-лік материалдар енгізілді. Оқушы ақынның шығармаларын кеңінен түсініп қана қоймай, Сұлтанмахмұтты ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы, өз заманының ағартушы, қоғам қайраткері ре-тінде танып, біледі. Кітаптың кіріспесі Өмірхан Әбдиманұлының ақынның өмірбаяны мен творчествосын зерттеген мақаласымен бас-талады. Жазушылар Серік Қирабаев, Әбіш Кекілбайұлы, Дандай Ысқақұлының С. Торайғыровтың шығармашылығы мен өмірін зерттеген мақалалары да енгізілген. |  |
| 128 | Тәкен Әлімқұлов **"Кертолғау"** | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 256 бет. к/м | 02.02.2025 | Кейіпкерлерінің басынан өткен түрлі өмір өткелдері де композициялық тұрғыда шебер суреттеледі. Солардың бәрінің ортақ арнасы, басты өзегі болып ауыл өмірі, жылқышылардың тіршілігі, солардың қилы тағдырлары алынады. Бұл орайда жазушы тек жүйрік жайын, тұлпар тағдырын ғана тамашалап кетпейді, жалпы жылқы малының түлік ретіндегі ерекшелігін, даралығын ашуға да үлкен мән береді. |  |
| 129 | Тәкен Әлімқұлов **"Сейтек сарыны"** | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 272 бет. к/м | 03.02.2025 | Жазушының «Сейтек сарыны» повесінде Сәруар шал болып тіл қататын Сүгірдің кейбір мінез қырларына қанық едік. Онда ол көбінесе Сейтек тағдырымен, Сейтек күйлерімен сабақтас бейнеленетін. Ал мына әңгімеде енді әкесі мен бала арасындағы, яғни Сүгір мен әкесі арасындағы қарым-қатынас, қам-карекет ой-парасат арнасында өріледі. Сүгірдің сұрапыл күйшілігі, әкенің алғырлығы, көрегендігі, ой-түйсігінің ұшқырлығы, ұтымдылығы алдыңғы қатарға шығады. Түптеп келгенде барлық оқиға Сүгір домбырасынан атақты «Телқоныр» күйінің дүниеге келуі төңірегінде топтастырылған. |  |
| 130 | Тәкен Әлімқұлов **"Жұмбақ жан"** Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы тарихи зерттеу романы | Көркем әдебиет, көсемсөздер | 288 бет к/м | 03.05.2022 | "Жұмбақ жан" – Тәкен сынының ғана шоқтығы емес, қазақ сынындағы саусақпен санарлық толық пішінді бірегей туындының бірі. Қалай болғанда да "Жұмбақ жандай" толымды сыни еңбек қалдырған Тәкен Әлімқұлов жазушылық үлкен суреткерлігімен қатар сыншылық биік деңгейімен де қазақ ұлтының мәдени өмірінің келешегінен үнемі табылып отырары күмәнсіз. |  |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 131 | Тәкен Әлімқұлов "Жемісті жолда"  әдеби-сын мақалалар | Көркем әдебиет, көсемсөздер | 224 бет к/м | 20.01.2022 | әдеби-сын мақалалар жинағы Абай Құнанбайұлы<br>Қасым Аманжолов Жемісті жолда<br>Маяковский шығармаларын аудару жөнінде кейбір ойлар Бір ақынның екі өлеңі туралы |  |
| 132 | **Тілеухан Жұмаханов "Қасым хан" тарихи баян** | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | **224 бет. к/м** | 14.09.2023 | Жазушы Тілеухан Жұмахановтың бұл жинағында тарихи тұлға Қасым ханның қазақ хандығының негізін қалау жөніндегі ішкі және сыртқы саясатын, ел басқару әдісін, ерлігін, шайбани әулеті мен арадағы қақтығыстары мен шайқастары, хандықтың шекарасын кеңейтіп, Еуропаға дербес қауым болып танытуын, «Қасым ханның қасқа жолы» дейтін әйгілі заңның өмірге келу жолдарын дәлелдеген. |  |
| 133 | Тұманбай Молдағалиев "Қызыл-жасыл көбелек" /балдырғандарға арналған өлеңдер жинағы/ | БАЛАЛАР ӘЛЕМІ | 208 бет. к/м | 18.01.2021 | Тұма жырдың бастауындай мөлдір поэзиясымен әдебиетіміздің көкжиегін кеңейткен ақынның жауһар жырлары халқымен бірге жасасып келеді. Тұманбай ақынның лирикалық өлеңдері әлі талай жанның жүрек қылын шертіп, көңіліне қонақтары хақ. |  |
| 134 | Тұрысбек Сәукетаев  "Көнермес ойдың көмбесі" (еркін баяндаулар/афоризмдер) | Көркем әдебиет, көсемсөздер | 352 бет. к/м | 05.08.2019 | «Біз кімбіз, қайдан келдік, қайда барамыз?» – саналы тірлік табалдырығын аттағаннан бері осы сауалдың адамзат баласын толғандырып келе жат-қаны мәлім. Сократтың: «Менің бар білетінім – түк білмейтінім ғана» деуі – Құдаймен тілдескен құді-рет иесінің сыпайыгершілік үшін жалған тәлімсуі емес, дүние сырын қапысыз зерделеп барып, те-реңнен түйген тұжырымы. Иә, айналамыздағы жа-ратылыстың жұмбағы шексіз, маржанын сүзіп қа-лай сүңгісең де тереңдей беретін тұңғиық, түпсіз тылсым. Әлмисақтан бергі осынау ізденіс, талпы-ныс барысында сана соқпағы бұралаң-бұрмасы көп небір өткелектен өтті. Сондықтан адамзат мәде-ниетінің тарихын, бір есептен, дүние танымының көрінісі десек, ақиқаттан ауытқымаспыз... |  |
| 135 | Тахауи Ахтанов “Свет очага” | Проза | 544 бет к/м. | 13.11.2003 | Данная книга выдающегося казахского писателя-драматурга Тахави Ахтанова состоит из двух его романов: "Свет очага" и "Буран".<br>Первый роман "Свет очага" это дань памяти о Великой Отечественной войне. Здесь вместе с главной героиней - моло-денькой казашкой из аула Назирой, читатель проходит через все испытания двух первых, самых тяжелых для страны лет Великой Отечественной. Назира не участвует в боевых действиях, но ее подвиг - это подвиг матери, борющейся за победу, свободу и торжество мира на земле.<br>В этом романе вся картина войны предстает перед глазами людей и пронзительной болью отзывается в их сердцах.<br>"Буран" - был удостоен в 1966 году Госпремии Казахской ССР имени Абая. Это произведение - одно из значительных достижений казахской прозы. |  |
| 136 | Тынымбай Нұрмағанбетов  Періштелердің өлімі роман-хикаяттар | Көркем әдебиет, көсемсөздер | 352 бет к/м | 17.06.2016 | «Періштелердің өлімі» романы көрнекті жазушы Тынымбай Нұрмағанбетовтың жаңа туындысы. Қаламгер бұл шығармасында бүгінгі заманның ащы шындығын шұ-райлы тілмен суреттей отырып, сан алуан тағдырлы адам-дардың көркем бейнесін сомдайды. Ауыл өмірін жақсы білетін сөз зергерінің жаңа романы бірін бірі толықтырып, дамытып отыратын оқиғалар желісі арқылы да оқырманың бірден баурап алады.<br>Шығарма әлеуметтік терең астарымен де, кейіпкерле-рінің жан-дүниесін аса шеберлікпен аша білуімен де ерекшеленеді.<br>Жазушының бұл толымды еңбегі қазақ әдебиетінің шоқтығын биіктететін бітімі бөлек роман. |  |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 137 | Шәкәрім Құдайбердіұлы "Қалқаман-Мамыр", "Еңлік-Кебек", "Ләйлі-Мәжнүн", "Қодардың өлімі", "Дубровский әңгімесі", "Крез патша" поэмалары жастарға өсиет өлеңдері, Қарасөздері, Әңгімелері және Жазушының өмірі мен шығармалары туралы зерттеулер | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 416 бет. к/м | 25.04.2023 | Қазақ ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлының бұл жинағына «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Ләйлі-Мәжнүн» және т.б. поэмалары мен өлеңдері, проза, қарасөздері енгізілді. Ескі қазақ тұрмысынан алынған поэмалардың негізгі мәсе-лесі – әлеуметтік жағдайлар, мінез-құлық жайы. Шәкәрім адам бойындағы жаман мінездер мен әдеттерді сынайды. Оның басты мақсаттарының бірі – ұрпақ тәрбиесі. Заманның, қоғамның түзе-луі жеке адамды түзеу деп түсінген. Шәкәрімнің ой-толғамдары «таза адам» тәрбиелеу мақсатына негізделіп, қоғамға пайдалы тұлға ретінде қаралады. Өмірдегі ащы шындықты тура, дәл суреттеу арқылы ақын халық өмірін жақсартуды ойлайды. Оның өлеңдері мен қарасөздері әлеуметтік ортада өмір сүрудің қағидалары сияқты. |  |
| 138 | Шоқан Уалиханов Зерттеулер, ғылыми жазбалар, хаттар. | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 560 бет, қатты мұқ. | 12.11.2014 | Қазақ ғылымының көгінде жасын оттай жарқ етіп, жарық із қалды-рып өткен Ш.Уәлиханов – ғалым, этнограф, ориенталист, фольклорта-ну-шы, тарихшы, географ, суретші. Оның осы ерекшеліктерін «Қазақ шежіре-сі», «Қытай империясының ба-тыс өлкесі және Құлжа қаласы», «Ыстық-көл сапары күнделігі» беттерінен байқауға болады. Осы аталмыш шығармаларында Шоқан өзінің табаны тиген тау мен тастың тарихынан, сондағы қауым жұрттың хал-ахуалынан мол хабар бере отырып, күдері жал даланың кескін-келбетін қағаз бетіне түсірген. Және де қазақ елінің тұрмыс-салт, наным-сенімі тұрғысы-нан ой қозғап, аз көзқарасын білдіреді. |  |
| 139 | Шоқан Уалиханов Өмірі мен қызметі және суретшілік өнері | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 352 бет. к/м | 16.09.2013 | Бұл кітапқа кемеңгер ұстаз, ағартушы Алтынсарин Ыбырайдың (Ибраһим) ыждағатты ынсап көңіл-қаламынан туындаған «Қазақ хрестоматиясы» – балаларға арналған әңгіме, ертегілер, оқушылардың туысқандарына хат жазу үлгілері, үлкендерге арналған әңгімелер, өлеңдер, ауыз әдебиетінің үлгілері, мақал-мәтелдер топтастырылып отыр. Туындының түп-тұқияннан ту етері еңбек, өнер-білім, достық, инабат-имандылық ірімдері. Кітап ұлағатты ой-істің ұйытқысы – ұстаздарға, ұстаз алдындағы ұрпақтарға, жалпы айтқанда кітап құмар қауымға арналған құнды дүние. |  |
| 140 | **Ыбырай Алтынсарин.** Қазақ хрестоматиясы – Ұсақ әңгіме, мысалдар мен ертегілер, даналық турасындағы әңгімелер, оқушылардың туысқандарына хат жазу үлгілері, әртүрлі өлең-жырлар, мақалдар, Жазушының өмірі мен шығармалары туралы зерттеулер | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 192 бет, к/м | 29.05.2023 | Бұл кітапқа кемеңгер ұстаз, ағартушы Алтынсарин Ыбырайдың (Ибраһим) ыждағатты ынсап көңіл-қаламынан туындаған «Қазақ хрестоматиясы» – балаларға арналған әңгіме, ертегілер, оқушылардың туысқандарына хат жазу үлгілері, үлкендерге арналған әңгімелер, өлеңдер, ауыз әдебиетінің үлгілері, мақал-мәтелдер топтастырылып отыр. Туындының түп-тұқияннан ту етері еңбек, өнер-білім, достық, инабат-имандылық ірімдері. Кітап ұлағатты ой-істің ұйытқысы – ұстаздарға, ұстаз алдындағы ұрпақтарға, жалпы айтқанда кітап құмар қауымға арналған құнды дүние. |  |
